

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері С.К. Г.К.Сагпазова

Тақырыптық саяхат

Тақырыбы: Шағын орталық аумағына саяхат

Өткізген: №3 ересек «Ботақан» тобының тәрбиешісі Ү.Әбішаева

2022/2023 оқу жылы

Тақырыптық саяхат

Тақырыбы: Шағын орталық аумағына саяхат

Мақсаты: Балаларда қоршаған әлемге жауапкершілікпен қараудың негіздерін қалыптастыру. Ауладағы ағаштар, бұтақтар, өсіп тұрған гүлдер туралы білімдерін бекіту.

Аула сыпырушының еңбегі туралы түсінігін кеңейту. Сұрақ қою арқылы балалардың тілін дамыту.
Балаларды үлкендердің еңбегін құрметтеуге, оларға қолқабыс көрсетуге тәрбиелеу.

Барысы:

Ұйымдастыру сәті: Тәрбиеші мен балалар балабақшаның орталық кіреберісіне жиналады

Тәрбиеші: -Балалар, бізде қандай әдемі және үлкен шағын орталықтың бар екенін көрейікші. Айтыңдаршы, біздің шағын орталықтың аумағында не бар?

Балалардың жауап нұсқалары: ойын алаңы, үйшіктер, құмсалғыштар, айналмалы әткеншек ойын құралдары, үлкен сырғанақ, бұталар, ағаштар

Тәрбиеші: -Айтыңдаршы, ауланың тазалығын кім қадағалайды?
(аула сыпырушы)


- Аула сыпырушының қандай құралдары бар? (сыпырғыш, күрекше, қоқыс салатын шелек)
- Ауланы немен сыпырады? (сыпырғышпен)

Тәрбиеші: -Аула сыпырушы балабақша аумағына қамқорлық, ол жұмысқа таңертең ерте, сендер әлі ұйықтап жатқанда келеді. Балабақша аумағы мен жолдарды қоқыстан тазартады, сондықтан ата-анаңызбен бірге таза жерде жүресіңдер. Сондықтан шағын орталығымыз өте таза және әдемі.

Тәрбиеші: -Бірақ, бүгін біз шағын орталықтың аумағына саяхатқа барамыз және шағын орталықтың қандай таза және әдемі екенін көреміз. Бірақ саяхатқа шықпас бұрын, өзін қалай ұстау керектігін еске түсірейік.
(балалардың жауаптары).

Тәрбиеші: -Жарайсыңдар, бәрін білесіңдер. Ал, саяхатқа ба?
Тәрбиеші мен балалар шағын орталықтың аумағын аралайды.

Тәрбиеші: - Балалар, біздің шағын орталықтың аумағы таза ме екен?



ABC

ЭЛЕКТРОННЫЙ ДЕТСКИЙ САД

- Кімнің жұмысын бақыладық? (балалардың жауабы)
- Шағын орталығының аумағында қоқысты кім жинайды?(балалардың жауабы)
- Ауладағы ойын құралдарын кім тазалайды? (балалардың жауабы)
- Сендер аула сыпырушыға қалай көмектестіндер? (балалардың жауабы)
- Балалар, біздің шағын орталықтың аумағы әрдайым таза және әдемі болуы үшін не істей аламыз?

Балалардың жауап нұсқалары: Ойын алаңында қоқыс тастамау, оны қоқыс шелекке тастауға әдеттену, ағаштар мен гүлдер қамқорлық жасау.

Тәрбиеші:-Жарайсыңдар балалар! Енді "*Аула сыпырушы*" атты ойын ойнайық.

Мен ауламды сыпырамын (*сыпырғышпен қозғалыс*)
 Мен қоқысты шелекке жинаймын (*қолмен қозғалыс*)
 Мен бүкіл жолды тазалаймын (*күрекшемен қозғалыс*)
 Бәрі мені мадақтайды (*кең қол қимылы*)
 "Жарайсың!" деп (*өзінің басынан сипау*)

Тәрбиеші: - Жарайсыңдар балалар. Аула сыпырушыға үнемі көмектесіп, ойнайтын жерімізді таза ұстайық. Осымен шағын орталығымыздың аумағына саяхатымыз аяқталды.



ABC

ЭЛЕКТРОННЫЙ ДЕТСКИЙ САД

